

**"Республикалық мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидасын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 маусымдағы № 700
қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 426 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 ақпандағы №
46 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.02.2014 № 46 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Республикалық мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 маусымдағы № 700 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 43, 563-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидасында:

б-тармақтың 3) тармақшасындағы «мүлікті бергенде тендер өткізбестен жүзеге асыруға болады.» деген сөздер «мүлікті бергенде;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) автомобиль жолдарын басқару жөніндегі заңды тұлғаға ақылы автомобиль жолдарын бергенде тендер өткізбестен жүзеге асыруға болады.»

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*